

2016 жылға арналған респонденттердің жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономинка министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 8 қаңтарда № 12827 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 19-бабының 2-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 33 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9779 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Статистика комитеті туралы ереженің 16-тармағының 9) тармақшасына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылға арналған Респонденттердің жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Респонденттердің жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді 2015 жылға арналған ұсыну кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 24 сәуіріндегі № 68 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11189 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 маусымдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде жұмыс бабында басшылыққа алу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері және аумақтық органдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р л і г і

Статистика комитетінің төрағасы Ә. Смайылов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р л і г і н і н
С т а т и с т и к а к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 7 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 195 бұйрығына қосымша

2016 жылға арналған респонденттердің жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигі 1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті жүргізетін жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар

р/с №	Респонденттер тобы	Статистикалық нысан атауы	Статистикалық нысан индексі	Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кезеңділігі	Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну мерзімі
Кәсіпорындар статистикасы					
1	Ақпаратты орналасқан жері бойынша облыстық, қалалық, аудандық статистика органдарына жаңадан құрылған заңды тұлғалар, құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде.	Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу	1-НП	біржолғы	кәсіпорынның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде

2	Есептік кезеңде тіркелген, ағымдағы жылдың 1-3 тоқсандарында 2-ШК «Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп» статистикалық нысанын тапсырғандарды қоспағанда, қызметкерлерінің саны 50 адамнан аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар.	Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп	1-СР	жылына бір рет	30 қазан
3	Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері есепті жылғы 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша.	Шаруа немесе фермер қожалықтарындағы мал мен құстың, ауыл шаруашылығы техникасының және құрылыстардың болуы туралы мәліметтер	6-ж (фермер)	жартыжылдық	есепті кезеңнен кейінгі 20-күні
4	Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері есепті жылғы 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша.	Үй шаруашылықтарында мал мен құстың, ауыл шаруашылығы техникасының және құрылыстардың болуы туралы мәліметтер	7-ж (халық)	жартыжылдық	есепті кезеңнен кейінгі 20-күні
5	Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері есепті жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша.	Шаруа немесе фермер қожалықтарында жер алқаптарының және егістік алаңдарының болуы туралы мәліметтер	6-р (фермер)	жылдық	20 шілде
6	Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері есепті жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша.	Үй шаруашылықтарында пайдаланылатын жер алқаптарының болуы туралы мәліметтер	7-р (халық)	жылдық	20 шілде

Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы

7	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) коды бойынша қызметтің негізгі және қайталама түрлері 01.4 «Мал шаруашылығы» және 01.5 «Аралас ауыл шаруашылығы» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімінің орташа және ірі тауар өндірісіне жататын (тізім бойынша) шаруа немесе фермер қожалықтары.	Мал шаруашылығының жағдайы туралы есеп	24-сх	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 2 күні
	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 01.4 «Мал шаруашылығы» және 01.5 «Аралас ауыл шаруашылығы»				

8	коды бойынша қызметтің негізгі және қайталама түрлері болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімінің орташа және ірі тауар өндірісіне жататын (тізім бойынша) шаруа немесе фермер қожалықтары.	Мал шаруашылығының жағдайы туралы есеп	24-сх	жылдық	20 қаңтар
9	Астық нарығына қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтары, дара кәсіпкерлер.	Астықтың қолда бары және қозғалысы туралы	2-сх (астық)	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 6 күні
10	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (мұнда және бұдан әрі - ЭҚЖЖ) «Осы салада қызмет көрсетуді ұсынуды қоса алғандағы аңшылық пен аулау» 01.7 коды бойынша қызметтің негізгі және қайталама түрлері болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және бекітілген тәртіппен тіркелген және жануарлар дүниесін қолдануға рұқсат алған азаматтар.	Аңшылық пен аулау туралы	2-аңшылық	жылдық	10 қаңтар
11	Мал мен құсы бар іріктемеге түскен шағын шаруа немесе фермер қожалықтары және жұртшылық шаруашылықтары.	Шағын шаруа немесе фермер қожалықтарында және жұртшылық шаруашылықтарында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру	A-008	тоқсандық	11–25 наурыз, 11–25 маусым, 11–25 қыркүйек және 11–25 желтоқсан аралықтарында
12	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі -ЭҚЖЖ) «Балық шаруашылығы және акваөсіру» 03 коды бойынша негізгі және қосалқы қызмет түрлерімен заңды тұлғалар (немесе) және олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, жеке кәсіпкерлер және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты және (немесе) балық шаруашылығын жүргізуге шарты бар жеке тұлғалар.	Балық аулау және акваөсіру туралы	1-балық	жылдық	25 ақпан

13	<p>Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) коды бойынша қызметтің негізгі және қайталама түрлері 02 - «Орман өсіру және ағаш дайындау», 01.3 - «Көшеттік өнімдердің өндіру» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және ағаш кесу билеті бар болған жағдайда жеке кәсіпкерлер.</p>	<p>Сүрек дайындау және орман өсіру мен орман шаруашылығы жұмыстарын жүргізу туралы есеп</p>	1-орман	жылдық	21 ақпан
14	<p>Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі -ЭҚЖЖ) 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5 кодтары бойынша негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерімен барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері; ЭҚЖЖ 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5 кодтары бойынша негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерімен 100 адамнан артық қызметкерлері бар барлық шаруа немесе фермер қожалықтары; мал шаруашылығы өнімінің орташа және ірі тауар өндірісіне жататын (тізім бойынша) барлық шаруа немесе фермер қожалықтары; ЭҚЖЖ 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5 кодтары бойынша негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерімен 100 адамға дейін қызметкерлері бар іріктемеге іліккен, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімінің орташа және ірі тауар өндірісіне жатпайтын шағын шаруа немесе фермер қожалықтары</p>	<p>Ауыл шаруашылығы құралымының қызметі туралы есеп</p>	1-сх	жылдық	10 наурыз
15	<p>Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің «Маусымдық дақылдарды өсіру» 01.1, «Көпжылдық дақылдарды өсіру» 01.2, «Питомник өнімдерін өндіру» 01.3 және «Аралас ауыл шаруашылығы» 01.5 кодтары бойынша негізгі және қосалқы</p>	<p>Себілген егістіктің қорытындысы туралы есеп</p>	4-сх	жылдық	жаздық дақылдарды себуді

	қызмет түрлерімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.				аяқтағаннан кейін 5 күн ішінде
16	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01.1 «Маусымдық дақылдарды өсіру», 01.2 «Көпжылдық дақылдарды өсіру», 01.3 «Питомник өнімдерін өндіру» және 01.5 «Аралас ауыл шаруашылығы» кодтары бойынша негізгі және қосалқы қызмет түрлерімен барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, 100 адамнан артық қызметкерлері бар шаруа немесе фермер қожалықтары.	Ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін жинау туралы	29-сх	жылдық	2 қараша
17	Іріктемеге түскендер экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01.1, 01.2, 01.3, 01.5 кодтары бойынша негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлері бар қызметкерлерінің саны 100 адамға дейін шаруа немесе фермер қожалықтары; егістік көлемі, шабындығы және жайылымы, көпжылдық көшеттері бар жұртшылық шаруашылықтары	Шағын шаруа немесе фермер қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін жинау туралы	А-005	жылдық	егін жинау аяқталғаннан кейінгі 2 апта ішінде
18	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5, 01.6 кодтары бойынша негізгі және қосалқы қызмет түрлерімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында құрылыстар мен имараттардың болуы	49-сх	жылдық	20 наурыз
19	Майлы дақылдар тұқымын өсірумен, өндеумен, сатумен және сақтаумен айналысатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтары, жеке кәсіпкерлер.	Майлы дақылдар тұқымдарының қолда бары және қозғалысы туралы	3-сх (майлы)	тоқсандық	есепті кезеңнен кейінгі 3-күні
20	Сервистік-дайындау орталықтары.	Сервистік-дайындау орталықтарының қызметі туралы	1-СЗЦ	тоқсандық	есепті кезеңнен кейінгі 25-күні

21	Дәнді дақылдардың (бидайдың, күріштің) егістік алқаптары бар іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтары.	Дәнді дақылдың түсімділігін зерттеу сауалнамасы	А - 1 (түсімділік)	жылдық	1 шілдеден 1 қарашаға дейін
22	Есепті жылы дәнді дақылдардың зертханалық зерттеулерін өткізу бойынша қызмет көрсетуге тендерді ұтып алған ұйымдар статистика органдарына.	Түсімді жинау алдында ауылшаруашылық дақылының ылғалдылығын зертханалық анықтау бланкісі	В-1 индексі	жылдық	1 шілдеден 1 қарашаға дейін
23	Есепті жылы дәнді дақылдардың зертханалық зерттеулерін өткізу бойынша қызмет көрсетуге тендерді ұтып алған ұйымдар статистика органдарына.	Түсімді жинағаннан кейін ауылшаруашылық дақылының ылғалдылығын зертханалық анықтау бланкісі	В-2 индексі	жылдық	1 шілдеден 1 қарашаға дейін
Өнеркәсіп өндірісінің статистикасы					
24	Қызметкерлерінің тізімдік саны 50 адамнан асатын, қызметінің негізгі түрі «Өнеркәсіп» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес - ЭҚЖЖ 05-33, 35-39) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі	1-П	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 1-күні
25	Қызметкерлерінің тізімдік саны 50 адамға дейінгі, қызметінің негізгі түрі «Өнеркәсіп» және жұмыс істейтіндердің санына қарамастан қызметінің қосалқы түрі «Өнеркәсіп» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес - ЭҚЖЖ 05-33, 35-39) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі	1-П	тоқсандық	есепті кезеңнен кейінгі 25-күні
26	Жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, қызметтің негізгі және қосалқы түрі «Өнеркәсіп» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес - ЭҚЖЖ 05-33, 35-39) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе)	Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі	1-П		14-ші наурыз

	олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.			жылдық	
27	Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі және қосалқы түрі «Өнеркәсіп» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес - ЭҚЖЖ 05-33, 35-39) болып табылатын, заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Өндірістік қуаттар теңгерімі	БМ	жылдық	25-ші наурызда
Энергетика және тауар нарықтары статистикасы					
28	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің - (мұнда және бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 35.2 кодтарына сәйкес негізгі және қосымша қызмет түрлерімен құбырлар арқылы газ тәрізді отынды таратуды және (немесе) сатуды жүзеге асыратын барлық заңды тұлғалар мен (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктері.	Газ желісі туралы есеп	1-ГАЗ	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 1 ақпан
29	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 35.3 - кодына сәйкес негізгі немесе қосымша қызмет түрі «Бу беру және ауа баптау жүйелері» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Жылу электр станциялары мен қазандықтардың жұмысы туралы есеп	6-ТП	жылдық	16 наурыз
30	Экономикалық қызмет түріне қарамастан, отын мен энергияны жеткізуші және тұтынушы болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Отын-энергетикалық теңгерім	1-ТЭБ	жылдық	25 наурыз
Қоршаған орта статистикасы					
31	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) - 38 кодына сәйкес негізгі және (немесе) қосымша қызмет түрлері «Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою бойынша қызметтер; қалдықтарды кәдеге жарату» болып табылатын барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың	Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару туралы есеп	1-қалдықтар		17 мамыр

	құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.			жылдық	
32	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) - 38 кодына сәйкес негізгі және (немесе) қосымша қызмет түрлері «Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою бойынша қызметтер; қалдықтарды кәдеге жарату» болып табылатын барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Қалдықтарды сұрыптау, кәдеге жарату және сақтауға беру туралы есеп	2-қалдықтар	жылдық	17 мамыр
33	Ауаны ластайтын тұрақты көздері бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп	2-ТП (ауа)	жылдық	10 сәуір
34	Табиғи ресурстарды пайдаланатын, ластаушы заттар мен өндірістік қалдықтардың шығарындылары мен төгінділерінің тұрақты көздері бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар туралы есеп	4-ОС	жылдық	23 ақпан
35	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (мұнда және бұдан әрі ЭҚЖЖ) 36, 37-кодтарына сәйкес негізгі және қосымша қызмет түрлері «Суды жинау, өңдеу және бөлу», «Кәріз жүйесі» болып табылатын барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Су құбыры, кәріз және олардың жеке желілерінің жұмыстары туралы есеп	1-ВК	жылдық	22 ақпан
Инвестициялар статистикасы					
36	Қызметкерлер санына қарамастан заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп	1-инвест	айлық	есепті кезеңнен кейін 2-күні
37	Қызметкерлер санына қарамастан заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Инвестициялық қызмет туралы есеп	1-инвест	жылдық	15 сәуір
Құрылыс статистикасы					

38	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар (облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктер), сонымен қатар пайдалануға берілген объектілері бойынша фермерлік (шаруа) қожалықтары.	Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп	1-ИС	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 2-күні
39	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар (облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктер), сонымен қатар пайдалануға берілген объектілері бойынша фермерлік (шаруа) қожалықтары.	Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп	1-ИС	жылдық	1 наурыз
40	Қызметкерлер санына қарамастан, есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп	2-КС	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 2-күні
41	Қызметкерлер санына қарамастан, есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп	2-КС	жылдық	1 наурыз
42	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші кодтарына сәйкес негізгі қызмет түрі 41-43 «Құрылыс» болып табылатын, жұмыс істейтіндер саны 50 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілген қызметтер) туралы есеп	1-КС	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 4-күні
43	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші (ЭҚЖЖ) кодтарына сәйкес негізгі және қосалқы қызмет түрлері 41-43 «Құрылыс» болып табылатын, жұмыс істейтіндердің санына қарамастан заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілген қызметтер) туралы есеп	1-КС	жылдық	31 наурыз
	Мемлекеттік сәулеттік-құрылыс бақылау органдары және сәулет				

44	, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар.	Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағанына хабарлама туралы сауалнама	F-001	жартыжылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10-күні
45	Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы хабарламаларды мемлекеттік сәулеттік - құрылыс бақылау органдарына ұсынған заңды тұлғалар.	Хабарлама бойынша құрылыс барысы және объектілерді пайдалануға беру туралы сауалнама	F-004	жылдық	15 ақпан
Ішкі сауда статистикасы					
46	Сауда базарларының меншік иелері болып табылатын заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер.	Базарлар туралы есеп	12-сауда	жылдық	10 ақпан
47	Тауарлық биржаның саудалық жүйесін қолдануда тікелей өткізу жолымен саудаласуды ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар.	Тауар биржасының қызметі туралы есеп	1-биржа	жылдық	20 қаңтар
48	Экономикалық қызметтің негізгі түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) кодына сәйкес 45 (ЭҚЖЖ 45.2, 45.40.3-тен басқа) – автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату; 46 – автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме сауда; 47 – автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа, бөлшек сауда, кодына жататын іріктемеге түскен заңды тұлғалар және жалпы қызметкерлер саны 20-дан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Тауарларды өткізу туралы есеп	2-сауда	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 3-күні
49	Автожанармай және газ құятын станциялары бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер (ДК).	Автожанармай құю және газ құю станцияларының қызметі туралы есеп	G-003	жылдық	31 наурыз
	Экономикалық қызметтің негізгі түрі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы				

50	жіктеуішіне сәйкес: 45 – автомобильдер мен мотоциклдерді сату, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу; 46 – автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме сауда; 47 – бөлшек сауда және тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу; 56 – тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер (іріктемеге түскен).	Тауарлар мен қызметтерді өткізу туралы есеп	1-ВТ	жылдық	15 наурыз
51	Экономикалық қызмет түріне тәуелсіз, қызметкерлер саны 50 адамнан асатын заңды тұлғалар, сонымен қатар қызмет түріне тәуелсіз қызметкерлер саны 50 адамға дейін іріктемеге түскен заңды тұлғалар және ЭҚЖЖ сәйкес негізгі қызмет түрі: 47 – бөлшек сауда және тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу; 56 – тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну болып табылатын дара кәсіпкерлер.	Электрондық коммерция туралы есеп	Э-коммерция	жылдық	25 ақпан
Өзара сауда статистикасы					
52	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен экспорт және (немесе) импортты жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғалар.	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы есеп	1-ТС	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 3-күні
Көлік статистикасы					
	Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі - «Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау және тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтер» (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің				

53	(бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 49.4-кодына сәйкес), негізгі және қосалқы қызмет түрі «Құрлықтағы өзге де жолаушылар көлігі» (ЭҚЖЖ коды 49.3) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ қалалық электр көлігі қызметтерін жүзеге асыратын жеке тұлғалар.	Автомобиль және қалалық электр көлігінің жұмысы туралы есеп	1-ТР (авто, электр)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 20 қаңтар
54	Қызметінің негізгі түрі - көлік (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтары 49-51) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ жолаушыларды және жүктерді коммерциялық негізде тасымалдау бойынша негізгі емес қызмет түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар, өзен мен қалалық электр көлігінде жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер.	Көлік жұмысы туралы есеп	1-көлік	айлық	есепті кезеңнен кейінгі 2-ші күні
55	Қызметкерлерінің санына карамастан, қызметтің негізгі түрі – қалааралық жолаушылар теміржол көлігі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 49.1 кодына сәйкес) және жүк теміржол көлігі (ЭҚЖЖ коды 49.2) болып табылатын, сондай-ақ теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығын ұсыну бойынша қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп	1-ЖД	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуір
56	Қызметінің негізгі түрі – жолаушылар теміржол көлігі, қалааралық (Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 49.1 кодына сәйкес), жүк теміржол көлігі (ЭҚЖЖ коды 49.2), сондай-ақ теңгерімінде теміржол көлігінің жылжымалы құрамы бар басқа	Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп	2-ЖД	жылдық	

	қызмет түрлерінің кәсіпорындары болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.				есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуір
57	Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі – жолаушылар теміржол көлігі, қалааралық (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) кодына сәйкес 49.1) және жүк теміржол көлігі (ЭҚЖЖ коды 49.2) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.	Қатынас түрлері бойынша теміржол көлігінің қызметтері туралы есеп	2-ТР (жд)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір
58	Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі – құбыр бойынша тасымалдау (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) кодына сәйкес 49.5) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.	Қатынас түрлері және құбырлардың ұзындығы бойынша құбыр көлігінің қызметтері туралы есеп	2-ТР (құбыр)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір
59	Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі – жолаушылар өзен көлігі (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 50.3 кодына сәйкес), жүк өзен көлігі (ЭҚЖЖ коды 50.4) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ өзен көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер.	Қатынас түрлері бойынша ішкі су көлігінің қызметтері туралы есеп	2-ТР (ішкі су)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір
60	Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі – теңіз және жағалау жолаушылар көлігі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 50.1 кодына сәйкес) және теңіз және жағалау жүк көлігі (ЭҚЖЖ коды 50.2) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.	Теңіз кемелерінің бары және қатынас түрлері бойынша теңіз көлігінің қызметтері туралы есеп	2-ТР (теңіз)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір

61	<p>Қызметкерлерінің санына карамастан, қызметінің негізгі түрі – жолаушылар әуе көлігі (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі –ЭҚЖЖ) 51.1 кодына сәйкес), жүк әуе көлігі мен ғарыш көлік жүйесі (ЭҚЖЖ коды 51.2) және жолаушылар мен жүк тасымалына жататын өзге де қызметтер (ЭҚЖЖ коды 52.23.9) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.</p>	<p>Қатынас түрлері бойынша әуе көлігінің қызметтері және жұмысы туралы есеп</p>	2-ТР (әуе)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір
62	<p>Қызметкерлерінің санына карамастан, қызметінің негізгі және қайталама түрі – құрлықтағы өзге де жолаушылар көлігі Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) кодына сәйкес 49.3, автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау мен тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтері (ЭҚЖЖ коды 49.4) болып табылатын заңды тұлғалар және(немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ қалалық электр көлігінде жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер.</p>	<p>Қатынас түрлері бойынша автомобиль және қалалық электр көлігінің қызметтері туралы есеп</p>	2-ТР (авто, электр)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір
63	<p>Қызметкерлерінің санына карамастан, қызметінің негізгі түрі – жүкті қоймалау және сақтау (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 52.1 кодына сәйкес) және тасымалдау кезінде қосалқы қызмет түрлері (ЭҚЖЖ коды 52.2) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.</p>	<p>Қосалқы көлік қызметтері кәсіпорындарының қызмет көрсетулері туралы есеп</p>	2-ТР (қосалқы қызмет)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 сәуір
	<p>Қызметкерлерінің санына карамастан, қызметінің негізгі және (немесе) негізгі емес түрі - өзен жолаушылар көлігі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі -</p>				

64	ЭҚЖЖ) коды 50.3) және өзен жүк көлігі (ЭҚЖЖ коды 50.4) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ су көлігінде қосалқы қызметті жүзеге асыратын (ЭҚЖЖ коды 52.22) заңды тұлғалар және өзен көлігінде жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер.	Ішкі су көлігінің жылжымалы құрамы және кеме жүзетін ішкі су жолдарының ұзындығы туралы есеп	1-ТР (ішкі су)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 1 наурыз
65	Жүк тасымалын және жолаушылар тасымалын коммерциялық негізде жүзеге асыратын, жеке иелігінде жүк автомобильдері, автобустар, жеңіл автомобильдері бар жеке тұлғалар.	Жеке тұлғалардың жүк және жолаушыларды автомобильдермен тасымалдауына іріктеме зерттеу сауалнамасы	ТР-001	апта сайын	есепті аптадан кейін 9-шы күні
Байланыс статистикасы					
66	Қызметкерлерінің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің 53 – пошта және курьерлік қызметтер, 61 - байланыс кодтарына сәйкес негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлеріне ие заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.	Пошталық және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп	3-байланыс	айлық	есепті айдан кейінгі 2-ші күні
67	Қызметкерлерінің санына қарамастан, Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 53 - пошта және курьерлік қызмет кодына сәйкес негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлеріне ие заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері.	Пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп	1-байланыс	жылдық	25 наурыз
68	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 61 - байланыс кодына сәйкес негізгі немесе қосалқы экономикалық қызмет түрлеріне ие заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық немесе оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер.	Байланыс қызметтері туралы есеп	2-байланыс	жылдық	31 наурыз

69	Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 61 - кодына сәйкес байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын, жұмыс істейтіндердің тізімдік саны 50 адамнан жоғары заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлердің санына қарамастан).	Байланыс қызметінің техникалық құралдары және сапасы туралы есеп	4-байланыс	жылдық	1 наурыз
Көрсетілетін қызмет статистикасы					
70	Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96 кодтарына сәйкес қызметінің негізгі түрі қызмет көрсету саласы болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және окшауландырылған бөлімшелері.	Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп	2-қызмет көрсету	тоқсандық	есепті кезеңнен кейін 25 күні
71	Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96 кодтарына сәйкес қызметінің негізгі түрі қызмет көрсету саласы болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және окшауландырылған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер.	Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп	2-қызмет көрсету	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 30 наурыз
72	Қызметкерлердің санына қарамастан Экономикалық қызмет түрінің Номенклатурасы бойынша келесі кодтарына сәйкес 64.91.0, 77.11.2, 77.12.2, 77.31.2, 77.32.2, 77.33.2, 77.34.2, 77.35.2, 77.39.2, 77.40.0 лизинг қызметтің негізгі түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және окшауланған бөлімшелері.	Лизингтік қызмет туралы есеп	1-лизинг	жылдық	30 наурыз есепті кезеңнен кейінгі
Мәдениет статистикасы					
	Экономикалық қызмет түрлері Номенклатурасы бойынша				

73	91.04.1 кодына сәйкес хайуанаттар парктері, океанариум қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ өз теңгерімінде хайуанаттар парктері бар кәсіпорындар.	Хайуанаттар парктерінің қызметі туралы есеп	1-хайуанаттар паркі	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
74	Негізгі немесе қосалқы қызметтер түрі Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасының 90.01.1 «Театр қызметі» 90.01.3 «Цирк қызметі» және 93.29.3 «Қуыршақ театрларының қызметі» кодтарына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.	Театр (цирк) қызметі туралы есеп	1-театр (цирк)	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
75	Негізгі немесе қосалқы қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының 93.21.0 «Мәдени және демалыс саябақтары мен тақырыптық саябақтар қызметі» кодына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, және дара кәсіпкерлер, сондай-ақ өз теңгерімінде саябағы бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, және дара кәсіпкерлер.	Ойын-сауық және демалыс саябағының қызметі туралы есеп	1-саябақ	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
76	Негізгі немесе қосалқы қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының 91.02.0 «Мұражайлар қызметі» кодына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.	Мұражай қызметі туралы есеп	1-мұражай	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
77	Негізгі немесе қосалқы қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының - 93.29.9 «Демалысты және ойын-сауық ұйымдастыру жөніндегі қызметтің өзге де түрлері» кодына сәйкес клуб типтес мекемелердің қызметін	Клуб типтес мәдениет мекемелерінің қызметі туралы есеп	1-клуб	жылдық	

	жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.				есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
78	Негізгі және немесе қосалқы қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасының 91.01.2 «Оқырмандар залын, лекторийлар, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі» кодына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.	Кітапхана қызметі туралы есеп	1-кітапхана	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 28 қаңтар
79	Негізгі және қосалқы қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының 90.01.2 «Концерт қызметі» кодына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер».	Концерт қызметі туралы есеп	1-концерт	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
80	Негізгі және қосалқы қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының 59.11.0 - «Кино, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларды шығару бойынша қызмет», 59.13.0 - «Кино, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар тарату бойынша қызмет» және 59.14.0 - «Кинофильмдер көрсету бойынша қызмет» кодына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер».	Кино көрсетуді және кинофильмдерді шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы есеп	1-кино	жылдық	есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтар
Туризм статистикасы					

81	<p>Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚҚТЖ) – 55-кодына сәйкес негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлеріне тұратын орынды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және окшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.</p>	<p>Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп</p>	2-туризм	тоқсандық
----	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------	----------	-----------

					кейінгі 25 күні
82	Байқауға іріктемеге түскен үй шаруашылықтары қатысады.	Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары бойынша зерттеу сауалнамасы	H-050	жылдық	15 қаңтар
83	Қазақстаннан шығу сәтінде әуежайларда, теміржол вокзалдарында, автостанцияларда және автомобильді өткізу бекеттерінде келушілерден (резидент еместерден) пікіртерім алынады.	Келушілерді зерттеу сауалнамасы	H-060	жылына 2 рет	13 қаңтар және 5 шілде
Инновациялар статистикасы					
84	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 58-63, 64-66, 71, 72, 73, 85.4, 86 кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Инновациялық қызмет туралы есеп	1-инновация	жылдық	25 ақпан
Ғылым статистикасы					
85	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 72, 85.4 кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі және қосалқы түрін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері және экономикалық қызмет түрлеріне қарамастан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды орындаған ұйымдар.	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп	1-ғылым	жылдық	25 қаңтар
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы					
86	Негізгі қызмет түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 01-03,05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68, 69-74, 77-82, 84, 86, 93.1, 93.2, 95.1 кодтарына сәйкес заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп	3-ақпарат	жылдық	11 қаңтар

87	Іріктемеге түскен үй шаруашылықтары.	Үй шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы бойынша зерттеу сауалнамасы	Н-020	жылдық	15 қаңтар
Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы					
88	2-ШК «Шағын кәсіпорынның қызметі туралы» статистикалық нысаны бойынша есеп беретіндерден басқа, барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.	Еңбектің негізгі көрсеткіштері	1-Т	тоқсандық	есепті кезеңнен кейінгі 10- күні
